

«ҰСТАЗ – МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ ШАМШЫРАҒЫ» атты мерекелік концерт өтті.

5 қазан – Халықаралық ұстаздар күніне орай университетіміздің Мәдениет орталығында салтанатты кеш ұйымдастырылды. Іс-шара барысында ұстаздарға ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің, сондай-ақ университет ректорының Алғыс хаттары табысталды. Кеш концерттік бағдарламаға ұласып, студенттер мен қызметкерлердің өнері көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Аталмыш іс-шарада кафедрамыздың оқытушылары профессор Абжалов Сұлтанмұрат Өтешұлы, білім мен ғылым саласындағы абыройлы еңбегі мен ел дамуына қосқан үлесі үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі тарапынан арнайы Алғыс хатпен марапатталды. Сонымен қатар, Қарттар күніне орай университетіміздің өсіп-өркендеуіне қосқан үлесі мен жас ұрпаққа сапалы білім беру жолындағы еңбегі үшін философия ғылымдарының кандидаты, доцент Оңалбеков Әбдіманап – университет ректорының Алғыс хатымен марапатталды.

